

Атбасар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 5С 18/2 " Атбасар ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 сәуірдегі № 6С 2/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 мамырда № 5377 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 ақпандағы № 6С 9/10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 22.02.2017 № 6С 9/10 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 72682 тіркелген) қаулысына сәйкес, Атбасар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Атбасар аудандық мәслихатының "Атбасар ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 5С 18/2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3857 тіркелген, 2013 жылғы 1 қарашадағы "Атбасар", "Простор" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Атбасар ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларындағы:

2 тармақтың 8) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"8) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы

бойынша филиалы – "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы"
департаменті Атбасар аудандық бөлімшесі,";

21 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік
тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап
қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, Атбасар
аудандық мәслихатының
хатшысы*

Борұмбаев Б.А.

"КЕЛІСІЛДІ"

*Атбасар аудан әкімінің
міндетін атқарушы*

А.В.Чириков

27 сәуір 2016 жыл